

ТҰРАҚТЫ ДАМУ, ЖОҒАРЫ ӘЛЕУЕТ, МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР

Сегізінші шақырылған Бұланды аудандық мәслихатының кезекті отыз тоғызыншы сессиясында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты маңызды мәселелер қаралды.

Сессияның күн тәртібіне негізгі төрт мәселе енгізілген еді. Ең бастысы - Бұланды ауданы әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы есебі. Бұл мәселе бойынша аудан әкімі Ардақ Дулатұлы Смайылов баяндама жасап, өңірде атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлармен таныстырды.

Сессия барысында аудан әкімі ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне кеңінен тоқталып, ауданның әлеуеті жоғары екенін ерекше атап өтті. Оның айтуынша, бүгінде аудан экономикасы тұрақты өсім көрсетіп отыр.

Әсіресе, өндіріс саласында айтарлықтай оң динамика қалыптасқан. Бұл бағытта жаңа жобаларды іске асыруға және инвестиция тартуға мүмкіндік

мол. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы саласы да соңғы жылдары жақсы нәтижелермен қуантады. Астық өнімділігі жыл сайын артып, аграрлық сектордың тиімділігі күшейіп келеді. Бұл орайда аграрлық секторға мемлекет тарапынан қомақты қолдау жасалып жатқаны жайында тілге етілді.

Аудан басшысы әлеуметтік саладағы оң өзгерістерге де ерекше назар аударды. Соңғы уақытта ауданда халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылды. Атап айтқанда, көпқабатты тұрғын үйлер салынып, әлеуметтік осал топтарға табысталды. Бұл тұрғын үй мәселесін кезек-кезеңімен шешуге мүмкіндік беруде.

Сонымен қатар, ауылдық округтерде бірнеше әлеуметтік маңызы бар нысандар пайдалануға берілді. Олардың қатарында Вознесенка ауылындағы жаңа көпірдің іске қосылуы

тұрғындардың қатынасын жеңілдетсе, Макинск қаласындағы Московская көшесін күрделі жөндеудің бірінші кезеңінің аяқталуы, қаланың ішінде бірнеше сәулетті композициялар орнатылды, қала инфрақұрылымын жақсартуға елеулі үлес қосты.

Жалпы алғанда, атқарылып жатқан жұмыстар ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының оң қарқынын көрсетіп, алдағы уақытта да бұл бағыттағы жүйелі жұмыстар жалғасын табатынына сенім мол, - деп аудан басшысы өз ойын түйіндеді.

Сессия алдында өткен депутаттық сағатта қаралған келесі мәселе - аудандық мәслихаттың 2023 жылғы 16 қарашадағы әлеуметтік көмек көрсету қағидаларына қатысты шешіміне өзгерістер енгізу туралы. Аталған өзгерістер мұқтаж азаматтарды қолдау тетіктерін жетілдіруге бағытталған. Бұл жөнінде жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы

Абылай Өмірбайұлы Жақыпбеков хабарлама жасады.

Сонымен қатар, депутаттық сағатта жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықтарына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу мәселесі қаралды. Бұл бастама бюджет саласы қызметкерлерін қолдау мен олардың еңбекке деген ынтасын арттыру мақсатында ұсынылып отыр.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе - аудандық мәслихаттың алдағы кезекті сессияларында қаралатын негізгі сұрақтарды айқындау. Бұл бағытта депутаттар өңірдің өзекті мәселелерін саралап, басымдықтарды белгілеуді жоспарлап отыр.

Жалпы, алдағы сессияда қаралатын мәселелер аудан тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға, мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіруге және жергілікті басқару тиімділігін арттыруға бағытталды.



РАЙОН ДЕМОНСТРИРУЕТ РОСТ И ОБЛАДАЕТ ЗНАЧИТЕЛЬНЫМ ПОТЕНЦИАЛОМ

В ходе очередной тридцать девятой сессии Буландынского районного маслихата восьмого созыва были рассмотрены ключевые вопросы социально-экономического развития района.

В повестку дня было включено четыре основных вопроса. Главным из них стал отчет акима Буландынского района Ардака Дулатовича Смаилова о выполнении возложенных на него функций и задач. В своем выступлении глава района подробно остановился на проделанной работе и представил планы дальнейшего развития.

В ходе сессии аким отметил, что район демонстрирует устойчивый рост социально-экономических показателей и обладает значительным потенциалом. По его словам, экономика района развивается стабильно.

Особое внимание было уделено промышленной отрасли, где наблюдается положительная динамика. В этом направлении имеются широкие возможности для реализации новых проектов и

привлечения инвестиций. Наряду с этим, хорошие результаты показывает и сельское хозяйство: ежегодно растет урожайность зерновых культур, повышается эффективность аграрного сектора. Было подчеркнуто, что значительную роль в этом играет государственная поддержка отрасли.

Аким также акцентировал внимание на положительных изменениях в социальной сфере. В районе реализуется ряд важных проектов, направленных на повышение качества жизни населения. В частности, ведется строительство многоквартирных жилых домов с последующим предоставлением жилья представителям социально-уязвимых категорий граждан, что способствует поэтапному решению жилищного вопроса.

Кроме того, в сельских округах введены в эксплуатацию объекты социальной значимости. Так, открытие нового моста в селе Вознесенка позволило улучшить транспортную доступность, а завершение первого этапа капитального ремонта

улицы Московская в городе Макинск внесло значительный вклад в развитие городской инфраструктуры. Также в городе установлены новые архитектурные композиции, придающие ему современный облик.

«В целом проводимая работа свидетельствует о положительной динамике развития района. Эта работа будет продолжена и в дальнейшем», - отметил аким, подводя итоги своего выступления.

В прениях по обсуждению доклада главы района выступили директор ТОО «СХП Новобратское» Бахытбек Есімбекұлы Раимбеков и директор ТОО «Партизанское-1», депутат районного маслихата Бегайдар Турбаевич Жампеисов.

Следующий вопрос повестки был обсужден на депутатском часе - внесение изменений в решение районного маслихата от 16 ноября 2023 года, касающееся правил оказания социальной помощи, направлен на совершенствование механизмов поддержки нуждающихся граждан. С

информацией по данному вопросу выступил руководитель отдела занятости и социальных программ Аблай Умербаевич Жакупбеков.

Также в ходе депутатского часа был рассмотрен вопрос об установлении стимулирующих надбавок к должностным окладам работников организаций, финансируемых из местного бюджета. Данная мера направлена на поддержку работников бюджетной сферы и повышение их мотивации.

Четвертый вопрос касался определения основных тем для рассмотрения на предстоящих сессиях районного маслихата. Депутаты планируют сосредоточиться на наиболее актуальных проблемах и приоритетных направлениях развития района.

В целом рассмотренные на сессии вопросы направлены на улучшение социального положения населения, повышение эффективности государственной поддержки и развитие системы местного управления.

А. АМАНЖОЛОВА.

Алғыс хаттар табысталды

Ақмола облыстық мәслихатының депутаты Клара Мендыбаева және «АМАНАТ» партиясының аудандық филиалының төрайымы Раушан Хожабай Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан жаңа Конституция жобасы бойынша өткізілген республикалық референдумды дайындау мен өткізуге белсенді қатысқан азаматтарға Алғыс хаттар табыстады.

Бұл - елді жаңғырту жолындағы маңызды қадам. Конституциялық реформа азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтіп, мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуға және қоғамның дамуына жаңа серпін беруге бағытталған.

Өзіміздің ақпарат.



Вручили благодарственные письма

Депутат Ақмолинского областного маслихата Клара Мендыбаева и председатель районного филиала партии «АМАНАТ» Раушан Хожабай вручили благодарственные письма от Президента Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаева за активное участие в подготовке и проведении республиканского референдума по проекту новой Конституции Казахстана.

Это важный шаг на пути к обновлению страны. Конституционная реформа усилит защиту прав и свобод граждан, преобразует систему государственного управления и придаст новый импульс развитию общества.

СОБ. ИНФ.

АУДАН ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС РАЙОНА

Қоғамдық кеңес отырысында өзекті мәселелер қаралып, қала әкімі есеп берді

Бұланды ауданында Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өз мәресіне жетті. Жиын барысында әлеуметтік-экономикалық маңызы бар мәселелер қаралып, Макинск қаласының әкімі Азамат Алдабергеновтың есебі тыңдалды.

Қоғамдық кеңестің отырысына әдеттегідей Амангелді Камельинов төрағалық етіп, сонымен қатар жиынға аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Абылай Жакупбеков қатысты.

Күн тәртібіне үш мәселе енгізілді. Негізгі мәселе - қыс мезгілінде қар тазалау, шығару жұмыстарының жүргізілуі, сондай-ақ жол қозғалысы мен жау жүргіншілер қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша атқарылып жатқан шаралар туралы қала әкімінің есебі болды. Сонымен қатар «Ашық НҚА» порталында жарияланған аудандық мәслихаттың екі шешім жобасы қаралды. Олар – жергілікті бюджет есебінен қызметкерлерге ынталандыру үстемақылдарын белгілеу және әлеуметтік көмек көрсету қағидаларына өзгерістер енгізу туралы.

Есеп барысында үш мәселе жыл басынан бері Макинск қаласында автомобиль жолдарын қысқы күтіп ұстау жұмыстарымен екі мердігер ұйым айналысып жатқанын атап өтті. Жалпы ұзындығы 125 шақырымнан асатын 140-тан астам учаске қамтылған. Жұмыстар қатарына жолдар мен тротуарларды қардан тазалау, көктайғаққа қарсы материалдар себу, қарды арнайы полигондарға шығару, сондай-ақ автобус аялдамалары мен қоқыс алаңдарына қолжетімділікті қамтамасыз ету кіреді.

Аталған жұмыстарды орындау үшін арнайы техника – тиегіштер, жүк көліктері, автогрейдерлер және тротуарларды тазалауға арналған шағын техникалар жұмылдырылған. Тазалау жұмыстары

орталық алаңда және қаланың негізгі көшелерінде жүргізілді.

Келесі кезекте жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Абылай Өмірбайұлы күн тәртібіндегі екінші және үшінші мәселелер бойынша баяндама жасады. Ұсынылған жобалар халықты әлеуметтік қолдауды күшейтуге және бюджет есебінен қаржыландырылатын ұйым қызметкерлерін ынталандыруға бағытталған.

Отырыс қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңес мүшелері барлық қаралған мәселелер бойынша бірауыздан тиісті қорытындылар қабылдады.

Жиын соңында төраға қатысушыларға алғыс білдіріп, алдағы жұмыстарда сәттілік тіледі.



Заседание Общественного совета: рассмотрены актуальные вопросы

В районе состоялось очередное заседание Общественного совета, в ходе которого были рассмотрены важные вопросы социально-экономического характера, а также заслушан отчет акима города Макинска Азамата Алдабергенова.

Заседание открыл председатель Общественного совета Амангелды Камельинов. В работе заседания также принял участие руководитель отдела занятости и социальных программ Абылай Жакупбеков.

Повестка дня включала три вопроса. Основным стал отчет акима города Макинска о принимаемых мерах по уборке и вывозу снега, а также обеспечению безопасности дорожного движения и пешеходов в зимний период. Также члены совета рассмотрели два проекта решений районного маслихата, размещенных на портале «Открытые НПА», касающихся установления стимулирующих надбавок работникам бюджетной сферы и внесения изменений в правила оказания социальной помощи.

Выступая перед членами совета, аким города отметил, что с начала года зимним содержанием автомобильных дорог в Макинске занимаются две подрядные организации. Работы охватывают более 140 участков общей протяженностью свыше 125 километров. В их числе - очистка проезжей части и тротуаров от снега, обработка дорог противогололедными материалами, вывоз снега на специализированные полигоны, а также обеспечение доступа к автобусным остановкам и контейнерным площадкам.

Для выполнения задач задействована специализированная техника, включая погрузчики, самосвалы, автогрейдеры и компактные машины для очистки тротуаров. Работы велись ежедневно. Очистка проводилась на центральной площади, а также на ключевых улицах города, включая Сейфуллина, Яглинского, Балуана Шолака, Москов-



скую, Спортивную и другие.

Далее руководитель отдела занятости и социальных программ района Абылай Жакупбеков представил информацию по второму и третьему вопросам повестки, касающимся социальных инициатив и нормативных изменений. Представленные проекты направлены на повышение уровня социальной поддержки населения и стимулирование работников организаций, финансируемых из местного бюджета.

По результатам рассмотрения всех вопросов члены Общественного совета единогласно приняли решение утвердить соответствующие заключения.

В завершение председатель поблагодарил участников за конструктивную работу и объявил заседание закрытым.

А. АМАНЖОЛОВА.

Юбилей профессионала и руководителя

2 апреля свой 50-летний юбилей отмечает руководитель государственного учреждения «Отдел государственных активов и закупок Буландынского района» Жанат Амурович Тубеков - опытный управленец, профессионал своего дела и человек, посвятивший свою трудовую деятельность служению государству.

Жанат Амурович родился 2 апреля 1976 года в Тургайской области, в городе Аркалык. Высшее образование получил в Казахской государственной академии управления по специальности экономист, что стало прочной основой для его дальнейшей профессиональной деятельности.

С 2001 по 2021 год он работал в органах налогового управления, где приобрел значительный опыт в сфере государственного администрирования, финансового контроля и взаимодействия с населением. За годы службы зарекомендовал себя как ответственный, компетентный и принципиальный специалист.

С 1 апреля 2023 года Жанат Амурович назначен руководителем государственного учреждения «Отдел государственных активов и закупок Буландынского района». Под его руководством отдел уверенно реализует задачи по эффективному управлению коммунальной собственностью и организации государственных закупок.

Поздравление от коллектива Уважаемый Жанат Амурович!

Примите искренние поздравления с замечательным юбилеем - 50-летием!

Желаем Вам крепкого здоровья, неиссякаемой энергии, благополучия и новых профессиональных достижений. Пусть каждый день приносит радость, вдохновение и уверенность в завтрашнем дне, а рядом всегда будут надёжные коллеги, верные друзья и близкие люди.

С уважением и наилучшими пожеланиями, коллектив
«Отдела государственных активов и закупок Буландынского района».



Облыстық деңгейде нәтижеге жетті

Бұланды ауданының сынып жетекшілері «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы аясында өткен «Үздік сынып сағатының әзірлемесі» облыстық байқауына қатысты.

Макинск қаласының мектеп-гимназиясының педагогі Олеса Владимировна Пучек жүлделі үшінші орын алып дипломен марапатталды. Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейінің педагогі Біргүл Авилгазықызы қатысқаны үшін сертификатқа ие болды.

Бұланды ауданының білім бөлімі.



«Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметі туралы

Ақмола облысының цифрландыру және архивтер басқармасының «Бұланды ауданының мемлекеттік архиві» КММ-сі «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметін көрсетеді. Мемлекеттік қызмет Архив ісі саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 159 бұйрығымен бекітілген «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына сай көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет: еңбек өтілі мен еңбекақысын, жасын, білімі мен біліктілігін, мемлекеттік және ведомстволық марапаттауларды, зейнетақы жарналары мен әлеуметтік

аударымдарды төлеуді, ғылыми дәреже және атақ берілгенін, емделу, қамау орындарында болғанын, көшірілгенін және ақталғанын, экологиялық апат аймақтарында болғанын растайтын, азаматтық хал-жағдайы актілері туралы әлеуметтік-құқықтық сипаттағы мәселелер жөніндегі архивтік құжаттар негізінде беріледі. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) аталған мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне, «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – ХҚКО) не «электрондық үкімет» www.egov.kz (бұдан әрі – ЭҮП) веб-порталы арқылы өтініш беру арқылы жүзеге асыра алады.

Жеке немесе заңды тұлға мемлекеттік

қызметті алу үшін (жеке өзі келгенде) жеке басын куәландыратын құжат және (немесе) өкілетті тұлғаның өкілеттілігін растайтын құжатты көрсетіп, растауды қажет ететін мәліметтер көрсетілген өтініш жазыды.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне құжаттар топтамасын толық ұсынған жағдайда, оның көшірмесіне кеңсе қызметкерінің тегін көрсете отырып қабылданғаны туралы белгі қойылады, портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Мемлекеттік корпорация арқылы құжаттар топтамасын берген кезде жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін ұсынылады) және заңды тұлға үшін – өкілеттігін растайтын құжат не жеке тұлға үшін – нотариалды куәландырылған сенімхат

(уәкілетті өкіл жүгінген кезде).

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі 11 (он бір) жұмыс күні ішінде беріледі.

Егер екі және одан да көп ұйымның және 5 (бес) жылдан астам кезеңнің құжаттарын зерделеу керек болған жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі күнтізбелік 25 (жиырма бес) күннен аспайтын мерзімге ұзартылып, көрсетілетін қызметтің мерзімінің ұзартылғаны туралы қызмет алушыны үш жұмыс күні ішінде хабардар етеміз.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – архивтік анықтама, архив құжаттың көшірмесі және қағаз тасымалдағыштағы архивтік үзінді. Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті көрсету

мерзіміне бір күн қалғанда жолдаймыз.

Портал арқылы жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Архивтік анықтаманы қағаз жеткізгіште алу үшін көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет нәтижесін алу орны мен күні көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Заңдарымен белгіленген тәртіппен жоғары тұрған органдарға не сотқа жүгінуге құқылы.

Бұланды ауданының мемлекеттік архиві.

ХАТТАР ҚОРЖЫНЫ – ПИСЬМА В РЕДАКЦИЮ

Подвигу жить в веках

Быстротекущее время все полнее раскрывает историческое значение подвига советского народа, внесшего решающий вклад в разгром германского фашизма и освобождение народов.

От рассветного утра 22 июня 1941 года, когда грохот фашистских бомб и снарядов взорвал мирную тишину нашей Родины и до победного салюта 9 мая 1945 года пролегал долгий путь, политый кровью, слезами, потом, озаренный подвигом миллионом советских людей.

Прошел уже 81 год, но и по сей день глубоко волнуют нас великие битвы.

Сталинградская битва.

Общие потери вражеских войск с 17 июня 1942 года по 2 февраля 1943 года под Сталинградом составили около полутора миллионов человек. Вдумаемся сегодня в эту цифру! Нет, не хотели мы, советские люди, занятые мирным трудом, сделать черной старость немецких и румынских матерей, не мы вырвали у жен мужей, у детей отцов, навек уложив их в мерзлую Сталинградскую землю. Здесь у великой русской реки Волги, пожали они плоды преступного авантюризма своих политических и военных руководителей.

89 тысяч солдат и офицеров сдались в плен.

Эрих Вайнерг в дневнике 1 февраля 1943 года записывал: «По пустынной, унылой проселочной дороге из Вертячего на север тянутся бесконечные вереницы пленных. Они идут на железнодорожную станцию. Все плетутся, согнувшись, тяжело волоча ноги. С растрепанных бород свисают сосульки. Головы и плечи обернуты всем, что

попалось по руки: старым тряпьем, мешками, войлоком. Кожаные сапоги или босые ноги обвязаны соломой.

Вслед за ними ползет грузовик подбирающих тех, кто не может идти. Когда кто-нибудь из пленных падает, к своим не обращаются, конвойные поднимают их на машины».

Сражение за Сталинград: беспримерную стойкость его защитников, окружение и разгром гитлеровской армии.

3 ноября 1942 года в газете «Комсомольская правда» была напечатана заметка фронтового корреспондента Ивана Давыдова, в котором рассказывалось о подвиге одиннадцати героев.

Приведу часть ее:

Враг отошел назад, но надо было ожидать, что он не захочет примериться с потерей выходного рубежа, это знали все, и прежде всего те одиннадцать человек, что закрепились на горке. Ими командовал лейтенант комсомолец Михаил Кабрибов, родом из города Баку. Он был высок и строен, с черными ягучими глазами.

Приготовиться – прозвучала короткая команда.

Они были готовы. Крепче сжал свой пулемет Бабаяр Гайоров, молодой казах, горячий, порывистый воин. Немцы выползли из-за бугров.

Пли! – махнул рукой Кабрибов. Дружный залп скошил первые ряды наступающих.

Меловая горка вся в дыму. Сотни, тысячи вражеских пуль визжат, режут воздух. Немцы все лезут. Вздрагивает и бьет автомат Кабрибова, накалився до красна ствол пулемета Бабаяра Гайорова.

Уже час без передышки длится эта отчаянная стрельба. Вот шесть немцев подползли совсем близко, бросили гранаты с длинными ручками. Санхар Тайзиев и Нармурад Хантов ловят гранаты, швыряют обратно.

И вдруг тишина. В разгар боя тишина всегда кажется страшной, роковой. Нет больше патронов. Замолчали и немцы. Они, видимо, были удивлены, а потом догадались, стали орать:

- Русс, сдавайсь.

- В штыки!

Михаил Кабрибов прыгнул вниз, врзался в гущу зеленых мундиров.

Михаил Кабрибов, Бабаяр Гайоров, Абдурахман Ирданов, Диар Ахметов, Санхар Тайзиев, Нармурад Хаитов, Сайнир Мордаков, Худайкул Мусаев, Бахмарим Альгибов, Сабир Тлепов, Камель Хузин, ваши мена мы помним на всю жизнь.

А высокий холм понесет в будущее славу и бессмертие героев нашей великой войны. Тогда же, в 1942 году, герои представлены посмертно к правительственным наградам. Волгоградский областной Совет депутатов трудящихся, увековечивая солдатскую память, присвоил наименование «Высота одиннадцати героев».

Мы, подрастающее поколение, должны чтить память о погибших в годы Великой Отечественной войны. Герои погибли, но их имена вечно будут жить в сердцах родных и близких, потому что нет более вечной памяти, чем память о солдате, отдавшем свою жизнь за Родину, за свободу и счастье своего народа.

В. ЧИХНИЙ, Акмолинская область, Сандыктауский район, с. Улан.

В гости к сказке!

Под таким названием прошла литературная викторина в Иванковской сельской библиотеке, приуроченная неделе детской и юношеской книги. В этот день участники перенеслись в волшебный мир сказок, а также проверили свои знания о знаменитых героях и удивительных событиях, произошедших на стра-



ницах любимых произведений. Программа включала викторину на знание сказок, где дети и подростки отвечали на вопросы о героях, сюжетах и особенностях классических и современных сказок. Интерактивные задания, где участники не только отвечали на вопросы, но и разгадывали загадки, решали ребусы и принимали участие в мини-играх, основанных на известных произведениях. Была представлена тематическая выставка книг, посвященную сказкам народов мира, чтобы участники могли не только вспомнить любимые произведения, но и узнать новые истории. В конце мероприятия участники получили сертификаты и небольшие подарки, а также вдохновились на чтение новых книг и продолжение своего путешествия в мир сказок.

Н. КАВЕРИНА, библиотекар Иванковской сельской библиотеки.

Акмола облысында су құрылымдарын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде

Зеренді ауданы мен Бурабай ауданы шекарасында орналасқан Иванов қоймасының жағдайын Акмола облысы әкімінің орынбасары Мұрат Балпан тексерді.

Қылшақты өзенінің ағысы Иванов қоймасынан Қопа көліне қарай бағытталғандықтан, бұл нысан ерекше бақылауда тұр. Қазіргі уақытта қойманы реконструкциялау жобасы әзірленуде, онда бастапқыда болмаған реттеуші шлюздер орнатылмақ, ал су тасқыны кезінде су төгуге арналған құбырлар жеткілісіз. Мамыр айында жоба сараптамадан өтеді.

«Аймақ басшысының тапсырмасымен біз барлық су қоймаларын қалпына келтірудеміз, су тасқыны қауіпін азайту және қажетті су қорын жасау үшін. Сонымен қатар, облыс әкімінің тапсырмасымен Иванов қоймасында су деңгейін реттеу мәселесін мүмкіндігінше қысқа мерзімде шешу міндеті қойылған», – деп атап өтті Мұрат Балпан.

Айта кетейік, су тасқындарына қарсы күресте 1,5 мың адам және шамамен 1 мың техника бірлігі

жұмылдырылған. Астрахан, Есіл және Атбасар аудандарында аумақтық қорғаныс әскери бөлімдері белсенді көмек көрсетуде. Өзендердің қауіпті учаскелерінде тәулік бойы бақылау жүргізетін 90-нан астам бекет ұйымдастырылған.

Мұз тұндырғыштардың алдын алу үшін жарылыс жұмыстарын жүргізуге қажетті барлық құрал-жабдықтар дайын тұр. Соңғы күндері Атбасар ауданының Мариновка, Борисовка және Садовое ауылдарында, сондай-ақ Ерейментау ауданының Еркіншілік ауылы маңында Қарасу өзені бассейнінде мұз тұндырғыштар жойылды.



Акмола облысының ішкі саясат бақсармасы.

В Акмолинской области восстанавливают гидросооружения

Состояние Ивановской плотины на границе Зерендинского и Бурабайского районов проверил заместитель акима Акмолинской области Мурат Балпан.

Вода по руслу Кылшақты через Ивановскую плотину идет в оз. Копу, поэтому этот объект находится под пристальным вниманием. В настоящее время разрабатывается проект реконструкции плотины с установкой регулирующих шлюзов, которых изначально не было, а трубы для сброса воды в половодье не справляются. В мае проект пройдет экспертизу. «По поручению гла-

вы региона мы восстанавливаем все водохранилища, чтобы снизить угрозу паводков и создать

необходимый запас воды. Также акимом области поставлены задачи в максимально короткие сроки решить вопрос по регулированию уровня воды на Ивановской плотине», – подчеркнул Мурат Балпан.

К слову, в борьбе с паводками задействовано 1,5 тыс. человек и порядка 1 тыс. единиц техники. Активную помощь оказывают военные бригады территориальной обороны в Астраханском, Есильском и Атбасарском районах. На опасных участках рек организовано более 90 круглосуточных постов наблюдения.

Для недопущения ледяных заторов предусмотрены все необходимые средства для проведения взрывных работ. На днях ледяные заторы ликвидированы в с/лах Мариновка, Борисовка и Садовое Атбасарского района, а также в районе села Еркіншілік Ерейментауского района по бассейну реки Карасу.

Управление внутренней политики Акмолинской области.

МЕРЕКЕЛІК КАЛЕЙДОСКОП

Модельдік балалар кітапханасында, Макинск қаласының мектеп-гимназиясының 6 «Ә» сынып оқушыларымен «Наурыз мерекесінің көктемгі көңіл-күйі» атты мерекелік калейдоскоп өтті. Іс-шара басында мерекелік шашу шашылды.

Бұл мерекелік іс-шарада ұлттық салт-дәстүрлер кеңінен таныстырылып, балалар мен қонақтарға қазақ халқының бай мәдени мұрасы дәріптелді. Наурыз мерекесіне байланысты ұлттық тағамдар туралы қызықты ойындар ойнатылып, қыздар ұлттық тағамдардың қалай дайындалатынын айтып, көрсетті. Оқушылар арасында түрлі ойындар, викториналар ұйымдастырылып, ұлттық әндер мен билер орындалды. Сонымен қатар, кеш барысында Кәусар Бекмахамбет мен Альбина Хасенова көктем туралы тақпақтар айтып, өз өнерлерін көрсетті. Осындай іс-шаралар жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттырып, дәстүр мен мәдениетті құрметтеуге тәрбиелейді. Қазақтың ұлттық ойындары – халықтың тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, батырлық пен ерлікті дәріптейтін ерекше мұра. Олар балаларды да, ересектерді де шынықтырып, ой-өрісін дамытады. Іс-шара жалғасында оқушыларымен «Ұлттық ойындар – халық қазынасы» атты

ойын алаңы ұйымдастырылды. Ойын алаңы барысында балалар «Қол күрес», «Арқан тартыс», «Соқыр теке» сияқты ұлттық ойындарға белсене қатысып, өздерінің ептіліктері мен жылдамдықтарын көрсетті. Іс-шара жалғасында №1 жалпы білім беретін мектептің 7«А» сынып оқушылары, Екатерина Некрасова мен София Макаревич сахнаға шығып, «Наз» биін билеп, көрермендерге әсем өнер тарту етті. Көңілді әрі танымдық түрде өткен ойын алаңы балаларға ерекше әсер қалдырды. Осындай іс-шаралар ұлттық құндылықтарды дәріптеп, өскелең ұрпақтың рухани дамуына үлкен үлес қосады.

Біздің іс-шарамызға мәдениет, тілдерді дамыту, спорт және дене шынықтыру бөлімінің бас маманы Орал Курумбаева шақырылып, ол жиналған қауымды Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтап, әр шаңыраққа амандық, бақ-береке, тыныштық пен келісім тіледі. Оның ізгі тілектері іс-шараның атмосферасын ерекше жылылық пен мерекелік көңіл-күйге белеп, халқымыздың дәстүрлері мен рухани құндылықтарының маңыздылығын айқындай түсті.

Ж. КАЛИЕВА, модельдік балалар кітапханасының маманы.



САЙЛАУ-2026 – ВЫБОРЫ-2026



АҚМАРАЛ АМАНҚҰЛҚЫЗЫ КИНАБАЕВА

НОВОБРАТСК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ
КАНДИДАТТЫҢ
САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ
Құрметті сайлаушылар!

Мен Кинабаева Ақмарал Аманқұлқызы, 1983 жылы 9 тамызда Целиноград қаласында дүниеге келдім. Білімім жоғары. «Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі» мамандығы бойынша Көкшетау университетін бітірдім.

Еңбек жолым 2002 жылы Даниловка орта мектебінде мектепалды сынып тәрбиешісі болып бастадым.

Қазіргі кезде Ақмола облысы білім басқармасының Буланды ауданы бойынша білім бөлімі Алтынды ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директорымын.

Егер сайлансам, мен өз үлесімді қосамын:

білім беруді, денсаулық сақтауды дамыту және қолдау, бос уақыттың жаңа қызықты түрлерін насихаттау, отбасылық құндылықтар мен салауатты өмір салтын насихаттауға;

көмекке мұқтаж мүгедектерге, мүгедектігі бар тұлғаларға, көп балалы отбасыларға қолдау көрсетуге;

абаттандыру мен көгалдандыруды қамтамасыз етуге.

АКМАРАЛ АМАНКУЛОВНА КИНАБАЕВА

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА КАНДИДАТА
НА ДОЛЖНОСТЬ АКИМА
НОВОБРАТСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
Уважаемые избиратели!

Я, Кинабаева Акмарал Аманкуловна, родилась 9 августа 1983 года в г.Целиноград. Образование высшее, окончила Кокшетауский университет по специальности «Учитель казахского языка и литературы».

Трудовую деятельность начала в 2002 году воспитателем предшкольного класса Даниловской средней школы.

В настоящее время директор КГУ «Общеобразовательная школа с.Алтынды отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области.

В случае моего избрания внесу вклад в:

развитие и поддержку сферы образования, здравоохранения, продвижение новых интересных досуговых форм, пропаганду семейных ценностей и здорового образа жизни;

поддержку нуждающихся в помощи лиц с инвалидностью, многодетных семей;

обеспечение благоустройства и озеленения.



ХУСЕН АХМЕТОВИЧ ЦЕЧОВ

НОВОБРАТСК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ
КАНДИДАТТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен, Цечов Хусен Ахметович, 1971 жылғы 16 қаңтарда Макинск қаласында дүниеге келдім. Мен 27 жыл бойы Ішкі істер органдарында қызмет етіп, заң мен азаматтардың мүдделерін қорғадым, қазіргі уақытта осы ведомствоның зейнеткерімін. 2022 жылдан бастап Новобратск ауылында тұрып, еңбек етіп келемін. Құқық қорғау құрылымдарының жұмысы мені темірдей тәртіпке, әрбір сөзге жауапкершілікпен қарауға және күрделі мәселелерді тиімді шешуге үйретті.

Мен сайлауға біздің ауылдық округтегі өмірді қалай жақсарту керектігін нақты түсінгендіктен қатысудамын және оның экономикалық әлеуетін арттыру мен тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту үшін бар күш-жігерімді салуға дайынмын!

Сайланған жағдайда округке қатысты маңызды әлеуметтік мәселелердің шешілуіне үлесімді қосамын.

Құрметті жерлестер!

Округ бюджетінің шектеулі екенін жақсы түсінемін, сондықтан менің басты міндетім — ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламалары арқылы қосымша қаржыландыру көздерін белсенді түрде іздестіру болады.

Сіздерді 2026 жылғы 12 сәуірде сайлау учаскесіне келіп, өз азаматтық борыштарыңызды орындауға шақырамын. Біз бірлесіп отырып, ауылымызды өркендеген және өмір сүруге жайлы мекенге айналдырамыз!

Сіздердің дауыстарыңыз — Новобратск ауылының болашағына қосылған үлес!

ХУСЕН АХМЕТОВИЧ ЦЕЧОВ

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА КАНДИДАТА НА ВЫБОРЫ
АКИМА НОВОБРАТСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА

Я, Цечов Хусен Ахметович, родился 16 января 1971 года в городе Макинск. Являюсь гражданином Республики Казахстан и горжусь тем, что состою в партии «AMANAT».

Посвятил 27 лет службе в органах МВД, защищая закон и интересы граждан, и на данный момент являюсь пенсионером ведомства. С 2022 года я живу и тружусь в селе Новобратское. Мой опыт работы в правоохранительных структурах приучил меня к железной дисциплине, ответственности за каждое слово и умению эффективно решать сложные задачи.

Я иду на выборы, потому что четко понимаю, как улучшить жизнь в нашем сельском округе, и готов приложить все усилия для роста его экономического потенциала и благосостояния жителей. Внесу вклад в решение социально-значимых задач в округе.

Дорогие земляки!

Я понимаю, что бюджет округа ограничен, поэтому моей задачей станет активный поиск дополнительных источников финансирования через государственные программы развития сельских территорий.

Вместе мы сделаем наше село процветающим и комфортным для жизни!



АЙНАГҰЛ БЕЙСЕНҚЫЗЫ ШУРМАНОВА

НОВОБРАТСК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ
КАНДИДАТТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ
Құрметті сайлаушылар!

Мен, Шурманова Айнагүл Бейсенқызы, 1985 жылы 31 шілдеде Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Киров ауылында дүниеге келдім. Білімім жоғары. «Мектепке дейінгі тәрбие бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университетін бітірдім.

Еңбек жолым 2008 жылы «№ 8 қалалық емхана» МКҚК Астана қаласында хатшы болып бастадым.

Бүгінгі күні «Ақмола облысы Буланды ауданы Никольск ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бас маманы қызметін атқарудамын.

Новобратск ауылдық округінің әкіміне кандидат ретінде түйткілді мәселелерді шешуге бар күшімді саламын. Негізгі бағыттар: әлеуметтік мәселелерді шешуге кәсіпкерлерді тарту; балалар және спорт алаңдарын салу; көшелерді сумен қамту мәселесін шешу; зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар және аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету; жазғы және қысқы уақытта жолды күтіп ұстау; көшелерді абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау, өздігінен пайда болатын үйінділерді жою, апатты жағдайда иесіз ғимараттар мен құрылыстарды бұзу.

АЙНАГҰЛ БЕЙСЕНОВНА ШУРМАНОВА

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА КАНДИДАТА В
АКИМЫ НОВОБРАТСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
Уважаемые избиратели!

Я, Шурманова Айнагүл Бейсеновна, родилась 31 июля 1985 года в с.Кирово, Аккольского района Акмолинской области. Образование высшее, окончила Кокшетауский университет имени Абая Мырзахметова по специальности «Дошкольное воспитание педагогика и методика начального обучения». Трудовую деятельность начала в 2008 году секретарем ГККП «Городская поликлиника №8», г. Астана.

В настоящее время главный специалист ГУ «Аппарат акима Никольского сельского округа Буландынского района Акмолинской области».

Выступая кандидатом в акимы сельского округа буду прикладывать все усилия для решения проблемных вопросов. Основные направления: привлечение предпринимателей для решения социальных вопросов; строительство детских и спортивных площадок; решение вопроса по водоснабжению улиц; помощь пенсионерам, лиц с инвалидностью и малообеспеченным семьям; содержание дорог в летний и зимний период; благоустройство, озеленение и санитарная очистка улиц, ликвидация стихийных свалов, снос аварийных бесхозных зданий и сооружений.

**Қазақстанда
құжаттарды үйге
жеткізу қызметі
кеңінен қолданыла
бастады**

Құжаттарды үйге жеткізу қызметі дайын құжаттарды ХҚКО-ға қайта бармай-ақ алуға мүмкіндік береді және бүгінде Қазақстанның барлық өңірінде қолжетімді. 2026 жылы бұл қызметке сұраныс артып келеді - алғашқы үш айда 426 жеткізу рәсімделгенін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы хабарлады.

Қызметті өтініш беру кезінде бірден рәсімдеуге болады. Құжат дайын болған соң ол көрсетілген

мекенжайға жеткізіледі. Бұл уақытын үнемдегісі келетін немесе орталыққа өзі бара алмайтын азаматтар үшін өте ыңғайлы.

Жеткізуді өтініш беру кезінде бірден рәсімдеуге болады. Ол үшін мекенжайды көрсетіп, қызмет ақысын төлеу жеткілікті. Құжат дайын болған соң курьер қызмет алушымен байланысып, сол күні жеткізіп береді. Құжатты алу кезінде жеке куәлік пен растау коды тексеріледі

Айта кету керек, курьерлік жеткізу 15 мемлекеттік қызметті қамтиды. Оның ішінде туу, неке, ажырасу және қайтыс болу туралы қайталама куәліктер, архивтік анықтамалар мен білім туралы құжаттардың телнұсқалары, сондай-ақ апостиль қою және азаматтық хал актілері жазбаларын қалпына келтіру бар.

Қызмет құны өңірге байланысты: Алматы, Астана және Шымкент қалаларында жеткізу бағасы 2061 теңге болса, басқа өңірлерде - 1036

теңге.

Бұл ретте құжатты жеткізу процесін «ЦОН» мобильді қосымшасы арқылы бақылауға болады. Бұл құжаттың қай кезеңде екенін артық қоңырауларсыз білуге мүмкіндік береді.

Азаматтарға қолайлы жағдай жасау мақсатында бұл қызмет 2024 жылы іске қосылып, құжаттарды алу процесін жеңілдетуге, уақытты үнемдеуге және ХҚКО-ға қайта бару қажеттілігін азайтуға бағытталған.

ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫПТАР – НА АКТУАЛЬНЫЕ ТЕМЫ

Қала атауы жайында

Аудан орталығы Макинск қаласының іргетасы қай уақытта қаланды, қашан темір жол бекеті пайда болды, қай жылдары қала мәртебесін алып, қашан бері аудан орталығы болды деген сұрақтарға нақты жауаптар берілгенмен, бір сұрақ қала атауы жайлы тақырып әлі шешуін тапқан жоқ.

Тарихтың бізден жасырған құпиясы көп. Оның сыры там-тұмдап ашылуға. Біздің мақсатымыз тарихтың жоғалтқанын бүгінгі күннен табу, есесі кеткен күндердің көсегесін көгерту. Қазіргі уақытта бұл бағытта көптеген жұмыстар атқарылуда. Қызықты-қызықты деректер де табылуда. Облыстық газет беттерінде елді-мекендердің байырғы атаулары жайлы облыстық мұрағат қорларынан табылған мәліметтер басылды. Солардың бірі «Арқа ажары» газетінің 2020 жылғы 28 мамырдағы 53 нөмерінде Асылай Қадырқызының «Елді мекендердің тарихи атаулары анықталды» атты мақаласы. Аталмыш мақалада: «... Бүгінде облыс бойынша 46 елді мекеннің тарихи атауы белгілі болған. Оның ішінде Бұланды ауданының орталығы Макинск қаласы да бар.

Макинск қаласының тарихи атауы тарихи құжаттарға сәйкес Аютөбе немесе Айтөбе екені анықталды...», – деген дерек бар. Бұл дерек дұрыс деуге келмейді, Аютөбе деген жер атауы қазіргі Біржан сал ауданы Макинск селосының маңындағы төбенің атауы. Жергілікті тұрғындар «Ескі Мәтен», «Старая Макинск» деп аталатын Макинск селосы 1890 жылы қаланып, қоныс Макинск деген жер өлшеушінің тегімен аталған деген дерек бар. 1914 жылы село тұрғындарының бір бөлігі, жер жетіспегендіктен қоныс аударып, қазіргі Макинск қаласының тұрған жерінде жаңа қоныс көтерді деп жүрміз.

Макинск селосының тарихи жайлы келесі тың деректер анықталды: «В Котуркульской волости в 50 верстах от станицы Щучинской, по зимнему торговому тракту на г. Акмолинск, при речке Аютөбе, на левом берегу. Год основания 1891».

1915 жылғы Ақмола облысы Көкшетау уезінің 3-ші шаруа учаскесінің (кіші ауданының) қоныс аудару учаскелерінде қонысқа орналастыру және есепке алу барысы туралы тізімінде: «Название селеній, согласно приговорамъ сельскихъ обществъ» деген бағанада Макинское, «Название участковъ, подъ которыми они получили утверждение» деген бағанда Аютөбе деп көрсетілген. Біз негізге алып отырған «Ақмола облысының тарихи топонимдері» атты кітапта Біржан сал ауданы Степняк кенті туралы деректерді беру үшін басылған 1897 жылғы картада келесі географиялық атаулар кездеседі: С. Найза түбе, Кл. Кожегуль-булак, С. Аю-төбе. Картаға сүйенсек «Скала Аю-төбе» я болмаса «Сопка Аю-төбе» деп аталғаны дұрыс болар.

(«Ақмола облысының тарихи топонимдері», Нұр-Сұлтан 2021, 30, 78, 86 бет.).

Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» романында Ақмолада Кеңес үкіметі құлап, Совет мүшелері атаман Аненковтың отрядымен тұтқындалып Ақмоладан Омбыға жаяу айдалып бара жатқан кездерді баяндаған автордың естелігін келтіре кетейін: «...Қызылжарға қарай Ақмоладан жүз сексен шақырым жердегі Мәтен қаласына қонаға келдік. Мәтен поселкесінің жартысы мұжық. Жартысы казак-орыс... Бізді тағы да школ үйіне қамады... Ақмоладан екі жүз елу шақырым жердегі казак-орыстың Шортан деген поселке-станциясына келдік...».

(С. Сейфуллин «Тар жол тайғақ кешу»

